

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Енсепов Б.Б. Т.Жүргенов және Қазақстан жоғары мектебі // «Орта Азия мен Қазақстанның білімі мен мәдениетін дамытудағы Т.Жүргеновтің рөлі және рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материал.. Астана, 2014. - 62-68 бб.
2. Шоқай М. Таңдамалы. –Алматы: Қайнар. Т.1. 1998. – 512 б.
3. Қойгелдиев М. Орталық Азия халықтарының тұтастығы: мәселенің тарихи кезеңдері // Отан тарихы, № 4. 2005. 3-11 бб.
4. Қойгелдиев М. Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы:Ана тілі, 1993. - 208 б.
5. Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақстан мектебі, №6. 1998. - 29-37 бб.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖАСТАРДЫҢ ТАРИХИ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗЕКТІЛІГІ

Кеңесбек Т.Б

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент, PhD доктор

Жылқышыбаева Қ.Қ

Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті

Электрондық адресі: togzhankenesbek@gmail.com

Алматы қ.

Шыңғысұлы Шоқан Уәлиханов шын есімі Мұхаммед Қанафия қазақ елінің ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, географ, саяхатшы, ағартушы. Шоқан 1835 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Құсмұрын бекінісінде дүниеге келген. Шоқан Шыңғыс ұрпағына лайық ерекше ортада өсті. Ол өз қатарластарынан озып, қарқынды дамыды. Өзінің жастық шағында жақсы білім ала білді. Ол 1844 - 1853 жылдар аралығында Омск қаласындағы Сібір кадет корпусында оқыды. Білімді, жас бала өзінің ғылыми қызмет жолын дәп осы кезде бастады [4, бб. 5, 3 б.].

Қамшының сабындай қысқа ғана өмір кешкен Шоқан артынан өшпестей ұлы мұра қалдырып, өз есімін мәңгі тарих қойнауында сақтай алды. Қазіргі кезде әр қазақтың баласына Шоқан Уәлиханов есімі аян. Шоқан әр салада өзінің зор үлесін қоса білді. Сол кезден бастап мұра болып қалған оның еңбектері қазақ психологиясы, этнографиясы, әдебиет және тарих ғылымдарының негізі болып табылады. Әдебиет саласында кейбір тарихи өлеңдер, Жоқтаулар, мақал-мәтелдер, айтыстар", Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Едіге", "Манас", "Абылай тұралы жыр", "Қара батыр толғауы", "Орақ батыр" жырлары және т. б. шығармалары бар [4, 314,343-344,347 б.].

Шоқан Уәлихановтың тарихи зерттеу жолында тарихи оқиғаларды қағаз бетіне түсіруге негізгі себеп болған патша үкіметінің отарлау саясаты кезіндегі мәдени мұраны, ұлттық тарихымызды сақтап қалу басты мақсаты болды. Осы мақсаты жолында қазақ халқына аянбай еңбек етіп, Шоқан бірталай ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Бұл ғылыми шығармалары қазақ халқының, соның ішінде әсіресе, жастардың тарихи санасын қалыптастыруда өзекті болып табылады. Атап айтатын болсақ, «Ресей империясының географиялық – статистикалық сөздігіне» енген «Қазақтар мен қырғыздар» мақаласы, «Қазақтың Ұлы жүзі», Омбыдағы хаттағы «Қазақтардың қонысы хақында», «Түстік – Сібір тайпаларының тарихы туралы», «Орта Азия хандықтары: Хиуа, Бұқар мен Қоқан және олардың Ресеймен қарым – қатынастары», «Тарих тереңінен: Түрікмендер», «Ежелгі сенімхаттар жайындағы жазбалар», барлық әлемге танымал шығармалары «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Жоңғар очерктері», «Қашқар сапары», «Қоқан хандығы» және т.б [1, 14,42,200,53,96 б].

Жоғарыда аталған еңбектердің жастардың тарихи санасын қалыптастырудағы маңызы мен рөліне талдау жасау үшін, ғалымның бірнеше еңбегіне тоқталып кетуді жөн көрдік.

Ш.Ш. Уалихановтың «Ресей империясының географиялық – статистикалық сөздігіне» енген «Қазақтар мен қырғыздар» мақаласы: «Қайсақ немесе қырғыз – қазақтар», - деп басталып, ұлан – ғайыр қазақ даласы территориясына, аумақтың сипатына, қазақтар туралы ғалымдардың пікірлеріне, ежелгі қазақ жеріндегі қалаларға, қазақ мемлекетінің беделді тұлғалары мен хандарына, қазақ рулары туралы, қазақтардың ресей империясының құрамына өтуі және соның салдарынан туған көтерілістерге жалпы сипаттама беріп, қазақтардың тарихына, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне, ұлттық құнлдылықтарына, ежелден келе жатқан кәсібіне тоқталып, халқымыз үшін маңызды дерек қалдырады. Тарихи сабақтастықты жалғастырып, болашақ жастардың Отан тарихын меңгеруіне үлес қосады. Мысалы, қазақ территориясы туралы «Ресейдің еуропалық бөлігінің түстік шығысы мен оңтүстік Сібір, Қытай Жоңғариясы мен Қоқан хандығы аралығындағы ұлан – ғайыр кеңістікті алып жатыр. Жалпы аумағы 2,4 млн. шаршы шақырымнан астам, төрт Франция еркін сиып кететін бұл кеңістікті Қазақ даласы деп атайды. Дала дегенмен де, оның шығыс бөлігін Тарбағатай мен Қос Алатаудың жоталарымен астасып жататын қырат – қырлы ғана емес, жазиралық сипаты бар толық тау елі деуге де келеді. Биіктігі орташа жатаған таулар мен құз – жартасты қыраттардан бұл даланың кемдігі жоқ. Ал қазақ даласының қалған бөлігінен тіс шұқырлық ағаш таппайсын. Сондай – ақ ағын сулардың өте – мөте аздығы шығыс шалғайы таулы өңір болғанымен, мұны дала деп атауға мүмкіндік береді», - деген мағлұмат береді. Ал қазақ халқының тарих сахынасына енуінің хронологиясын былай көрсетеді: «Қазақтар тарихқа тым кеш кірген. Атап айтатын болсақ, шығыс тарихшыларының жазбаларында олар XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, ал орыс жылнамалары мен Герберштейн, Дженкинсон сияқты кейбір батыс жазушыларының жазғандарында XVI ғасырдан аталады».

Шоқан Уәлихановтың осы мақалада ерекше атап өтетін Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі негізгі дерек қалдырған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи – Рашиди» еңбегіне тарихи талдауы. Кез келген ұлттың тарихында ерекше орын алатын мәліметтер бұл – мемлекеттің құрылу мерзімі мен мемлекет негізін салушы қайраткерлер. Бұл ғылыми зерттеудің мәні де осы қазақ хандығының құрылу алғышарттары мен беделді қазақ хандарына назар аудару, хандардың тарихи образдарын көрсету. Бұған мақаладан мынадай үзінді келтіруге болады: «Бұл XV ғасырдың екінші жартысы, нақтырақ айтқанда, 1465 жылдың шамасы. О тұста қазіргі қазақтардың Сібір, Орынбор облыстарының шығыс бөлігін, Семей облысының терістік өңірін алып жатқан елге бара-бар бүкіл Дешті-Қыпшақты мекен еткен өзбектерді Әбілқайыр хан билеп тұрды. Ханның қысымына шыдай Жошы әулетінен шыққан ағайынды Керей мен Жәнібек Батыс Моңолстанға қашып барып паналады. Моғостанның әміршісі Есеңбұғы хан қашқындарды жылы шыраймен қарсы алып, оларға Моғолстанның шет жағын, яғни Ұлы жүз жерінің біраз бөлігін бөліп берді».

Бұл мақалада тағы да назар аудармауға болмайтын маңызды қазақ халқының антропологиялық сипаты мен діні туралы мағлұматтар. «Қазақтардың сыртқы түр – тұлғасы, дегенмен, әр руда әралуан. Шығыс түрік тегінің моңғол рендес аксүйектер тобы бар. Діні – ислам. Бір ғажабы Ұлы жүзде мұсылмандық онша қатаң ұсталынбай, тек парыз атқарудан ғана тұрады. Кейбір ішкі әдет – ғұрыптары шамандық наным – сенім сенімдердің сарқыншақтарымен мидай араласып кеткен. Орта және Кіші жүздерде мұсылмандық әлдеқайда күшті». Бұрын сонды кездеспеген бұл дерек тарихымызды танудағы үлкен жаңалық болып табылады.

Мақаланың жалпы мәні мен жастар тарихи санасын қалыптастыруда өзекті мәселелерді қозғай отырып: біріншіден ұлтымыздың тарихи территориясын тұтас қалыптастыруымызға, қабылдауымызға, екіншіден, тарих сахынасына қазақтардың тұтас мемлекет болып қалыптасқан мерзімін нақты анықтауға, қазақ жерін мекендеген ру-тайпалардың түр – тұлғасын, діни көзқарастары жайлы мағлұмат алуға орасан зор үлес қосады [1, 29-49 б.].

Шоқан Уәлихановтың тағы жастардың тарихи санасын қалыптастырудағы мәні зор еңбегінің бірі – «Абылай». Қазақтың жұлдызы Шоқан текті Шыңғыс ұрпағы, Үш жүздің басын біріктіре алған қазақ халқының Ұлы ханы – Абылай шөбересі. Сондықтан бұл еңбек Шоқан үшін де, барша қазақ елі үшін де ерекше жақын. Еңбектің тарихи мәніне тоқталатын болсақ, бұл еңбекте Абылай хан шежіресі, Абылай хан тұсындағы қазақ хандығының ішкі қиыншылығы, оның басқа елдермен жүргізген саяси қарым – қатынасы, рухани мәдениетіндегі ерекше орын алатын музыка өнері туралы деректер кездеседі. Бұл ғылыми еңбекте Абылай туралы: «Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады. Ал шынында Абылай Орта жүз қазақтарының XVII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі Орта жүз сұлтандарының кенже буынынан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады» деген мәлімет береді. Бұл мәлімет Ресейдегі патша билігі кезінен бұрмаланып келген Абылай ханның шығу тегін көрсететін бірден бір дәлел болып табылады. Сонымен қатар, қазақ халқы тарихындағы ащы қасірет, ең ауыр оқиғалардың бірі – Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама туралы: «1723 жыл сұмдық сипатымен қазақтардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жоңғар қонтайшысы Қалдан – Сәрен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп, қазақтар мен қырғыздарды бұрынғы шалдуарлығы мен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қанқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол – жөнекей дүние – мүлкін, бала – шағасын, кемпір – шалын, арық – тұрық малын, үй мүлкәмәлін шашып, түстікке барып қойып кетті. Орта жүз – Самарқанның түбіне, Кіші жүз Хиуа мен Бұқар барып паналайды», - деп жазады. Жан түршігерлік бұл оқиға кейін патша үкіметінің озбырлығы кезінде ұранға айналып, қазақ халқының аяқтан тұруына ерекше әсер етті [2,5 1, 14-20 б.].

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектерінің басты ерекшелігі - оның жеке зерттеу – саяхаттары. Саяхаттап жүріп тарихты өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген Шоқан Уәлиханов еңбектері нағыз ақиқат. Шоқан зерттеу еңбектері ішіндегі ең танымал еңбектерінің бірі - «Жоңғария очерктері». Қашқария мен Жоңғарияға бару сапарында жазылған бұл зерттеу жазбалары ежелгі орта ғасырлық қалалар мәдениетіне, ұзақ жолда көрген табиғат көріністері, қала басшылар ісі, ұлт аралық қатынастар, сауда, басқа елдердің антропологиялық ерекшеліктері мен білім мен ғылым ошағы болған қалалардың кітапханаларына жалпы сипаттама берген. Очерк екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі жалпы бейнелеу, жеткізу түрінде халықтардың мәдениеті, табиғатына, қалаларға арналса, екінші бөлімі «Манас» жырына аса назар аударған. Зерттеу пікірлерінен ортағасырлардағы мемлекет Мәуренахр мен қалалары зардабы туралы: «Ежелгі Шыңғыстың XIV және XV ғасырлардағы ең мәдениетті, ең дәулетті елі – Мәуреннахрда (Қазіргі Бұқар, Хиуа және Қоқан) басқа жерге қарағанда надандық пен кедейлік әлдеқайда үстем әрі күшті. Самарқанд пен Тәшкенттің, Хиуа мен Ферғананың (Қоқан хандығы), Бұқардың кітапханалары, Самарқандтың обсерваториясы татар тағылығының және діннен басқаның барлығына қарғыс таңба басқан бұқар жауыздығының рақымсыз құрып кетті», - деп жазып қалдырған [1, 200 б.].

Орта Азиядағы тағы көрнекті қалалардың бірі - Қашқар қаласы туралы да түпкілікті сипаттама бар. «Қашқар Қытайдың Түстік желісіндегі провинциясының округтік қалаларының қатарына жатады. Былайша айтқанда, Зұлқарнайын қолбасшысы Птоломей заманынан бері үлкен керуен сарайларымен, әсіресе кең өрістеген шәй саудасымен аты шыққан шаһар. Азия үшін Қашқар, бізге Қияқты еуропалықтарға Шанхай мен Катон қандай болса, сондай. Оның үстіне бұл шаһар шыңыста шәукендерінің, яғни келімді – кетімді кез келген шетелдік қысылмай – қымтылмай, бұл арада өзі болған мерзімге үйлене беретін жас әйелдердің сұлулығымен аты шыққан. Сондай – ақ Қашқар өзінің керней – күйшілерімен, бишілерімен әйгілі» [1, 202 б.]. Бұл қазіргі жастардың орта ғасыр кезінде мәдениет, ғылым мен білім ошағы болған қалалар мен сол уақытта орын алған оқиғалар туралы ақпарат алуға көмектеседі. Географиялық, этнологиялық, тарихи маңызына тоқтай алған бұл еңбектен тағы бір мысал түпкілікті Жоңғария жері және сол жепді мекен еткен түрік тайпалары тұрмысы туралы: «Орыс Жоңғариясының Орта Азия халықтарының тарихи тағдырында

керемет маңызы бар. Әбілғазының айтуынша, түрік тайпаларының түп атасы Иафедтің ұлы Әбілжа хан Талас, Шу өзендері мен Ыстықкөлдің бойында көшіп жүрген. Қытай жылнамаларының жазғанынан біз жоғары Гобиден ауған тайпалардың бәрі өздерінен күшті біреу келіп қуып жібергенше осы арада тұрақтап, ірге тепкенін білеміз. Шынында да, Орыс Жоңғариясының көшпелі тұрмысқа қолайлы барлық жағдайы бар. Тау алқабында олар үшін малдың ыстықтан паналап, маса – сонадан қорғанып, емін – еркін жайылатын оты мол жағы жайлауы болды. Күзде көшпелілер төмен жазыққа түсіп астығын жинап алып қыста өзендердің жағасындағы тоғайларды, Балқаш даласының бұйрат құмдарының арасын паналап отынға сексеуіл сияқты қызуы тамаша бұталарды пайдаланылады. Мұның көшпенділер үшін маңызы айрықша, өйткені Моңғол Гобиінде ұлы ханның киіз үйінің өзі тезек жағып жылытылады» деген дерек кездеседі [1, 206 б.].

Түрік әлемінде ерекше орын алатын Ш.Ш.Уәлихановтың еңбегі «Қашқарияға сапары». Шоқан уәлихановтың Қашқарға саяхат жасауына түрткі болған П.П.Семенов-Тянь-Шанский. Ол Омбыдағы және Жетісудағы кездесулерінде Шоқанға Шығыс Түркістан сапарының ғылыми мәнін түсіндіріп, ондай міндетті атқару өзіндей таланты, жан – жақты дайындалған ғалым – саяхатшының қолынан келетіндігіне әбден сендірді.

1858 – 1859 жылдары Шоқан атақты Қашқар саяхатын жасап, жау – жүрек саяхатшы атағына бөленді. Марко Поло мен Гостеннен кейін ол алғаш болып Қашқарияға кірді. Еурапаға беймәлім бұл елдің тарихын, саясын құрылымын, мәдениеті мен тұрмыс – тіршілігін зерттеп, Ш.Уәлиханов Шығыс Түркістанның ғылыми тұрғыдан зерттелуіне қомақты үлес қосты [1, 40 б.].

1858 жылы мамырдың 28 күнінде басталған Қашқарға саяхаты қатерге толы болды. Ол жергілікті халықтардың (ұйғыр, дұнган, қырғыз және т.б . Цин әулетінің феодалдық өзгерісіне қарсы көтерілісі бүкіл Шығыс Түркістанды қамтыған кез болды. Шамадан тыс алым – салықтан халық биліктің езгісі мен рақымсыздығына қарсы бас көтерді. Бірнеше жыл онда тұрақты билік болмай, елді тәртіпсіздік жайлады . Сол көтеріліс жайында Шоқан Уәлиханов өзінің Қашқарға сапарына әзірлігі туралы Батыс сібір генерал – губернаторына хатында: «Көтеріліс жайында алған хабарлардың шындыққа жуық екеніне толық негізім бар. Оның үстіне кейінгі өзім жинаған деректердің барлығы Болордың тумасы, абырой – беделі тәуір Сарықолдық Сарымсақтан алынды. Ол бұл өлкені жақсы біледі» [1, 229 б.].

«Қашқарға сапар» еңбегі бұл Шоқан Уәлихановтың сапарда күнделігіне жазылған дерек. Ол екі күнделіктен тұрады. Сондағы бірінші күнделігі «Зәуке асуының шырқау биігі». Бұл күнделікте сапардағы болған барлық оқиғаларды, бағыт – бағдарды, жол – жөнекей көрген табиғат көріністері, дала жануарларын, мекен – жерлерді хронологиялық уақытта жазып кетеді. Басталған уақыты 14 қыркүйек. Сапардың бағыты Зәуке асуы. Бұл жазбаларда Зәуке асуы, Жетімшоқы, Қарасай өзені , Шақырқорым мен Қарақол, Қалмақошақ , Үшқайнар, Ақсай, Ақсу, Текіліксу, Қызылсу, Терек өзені, Қашқар, Мырзатерек, Қоқан жері, Тойын – төбе, Нарын, Жетімөгіз жер – су аттары кездеседі. Бұл жер – су аттарына сүйене отырып саяхат қай жерлер арқылы жүргізілген бағытты нақты белгілей аламыз. Ерекше атап өтетін деректің бір бөлігі бұл Қоқан хандығы аумағы мен билігі туралы жазбалар. Мысалы, Қоқандықтардың билігі, ішкі саяси жағдайы туралы: «Жалпы, қоқандықтардың билігі айрықша саясатпен әрі кешімдірілікпен жүргізіледі. Оларға қазіргі комендант онша үйір емес. Өзінің билігін күш ету үшін ол жақсы әулеттерден аманат ұстайды», - деген дерек жазады [1, 236 б.].

Екінші Қашқар күнделігінде Бұқар, Семей, Ташкент жерлері, сол кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар және олардың шежірелері, жерленген орындары туралы жазбалар кездеседі. 25 қараша күні жазылған Мұхаммед ұрпақтары туралы деректер де күнделікте жазылады. «Мұхаммедтің ұрпақтары Орта Азияда сейіттер, қожалар деген атпен әйгілі. Халифтардың ұрпағы да осылай аталады». Бұл ғылыми еңбектің тарихи маңызы кезінде қазақ хандығының терриясының бір бөлшегі болған Ферғана жазығында орналасқан Қоқан хандығы, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатында үлкен рөл ойнаған Мұхаммед ұрпақтары туралы нақты деректер алу [1, 274 б.].

Өткеннің объективті бейнесін жасау жалпы ұлттық бірлікті қалыптастырудың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалаудың, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеудің басты факторларының бірі. Тарихи сана - ұлт бастауы. Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жаңа тарихы шын мәнінде құрылып жатқан кезде жастардың тарихқа деген көзқарасын түзетуді қажет етеді. Қоғамға шынайы тарих қажет. Шынайы тарихты қалыптастыруда әлі де көптеген жұмыстар атқарылады. Бірақ, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда Шоқан зерттеу еңбектерінің маңызына ерекше тоқталған жөн деп санаймын. Өйткені, Шоқан Уәлиханов ғылыми еңбектері жастардың тарихи санасын қалыптастырудағы өзектілігі мынандай: біріншіден, Қазақстан тарихы марксизмнің материалистік тұжырымдамасы аясында үлкен өзгерістерге ұшыраған тарихи оқиғаларды нақты деректер арқылы қалпына келтіріп, тарихымызды жаңашаландыру. Екіншіден, ХХІ ғасырда проблемаға айналып отырған дәстүрлі құндылықтарымыз, ежелден келе жатқан салт – дәстүрлерімізді сақтау. Үшіншіден, тарихи - географиялық ата – мекенімізді білу, сол территорияда болған сан қилы оқиғалардан түйін шығару.


Қазіргі таңда Шоқан Уәлиханов еңбегінің жастар тарихи санасын қалыптастырудағы өзектілігін анықтау үшін мен кішігірім сауалнама өткіздім. Сауалнама бес сұрақтан тұрады:

- 1) Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еңбектерімен таныссыз ба?
- 2) Сіз ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еңбектері жастардың тарихи санасын қалыптастыруда өзекті деп санайсыз ба?
- 3) Ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Қазақстан тарихында рөлі қандай?
- 4) Неліктен ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановты алғашқы қазақ ғалымы деп санайды?
- 5) Шоқан Уәлихановтың еңбектері қазіргі кезде жаңа Қазақстанды дамытуда және ұлттық құндылықтарды сақтауда маңыздылығы қандай?

Барлық қатысқан жастардың саны: 24. Жауап берген диаграммаға сүйеніп ортақ қорытынды жасайық. Бірінші сұраққа сауалнама алушылардың 91,7% Иә жауабын таңдаған. Тек 8,3% жоқ жауабын таңдады. Екінші сұрақ көрсеткіші дәл осындай.


Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еңбектерімен таныссыз ба?

24 ответа



Сіз ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еңбектері жастардың тарихи санасын қалыптастыруда өзекті деп санайсыз ба?


24 ответа



Үшінші сұраққа диаграмма мынадай:

Ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Қазақстан тарихында рөлі қандай?

24 ответа



Сауалнамаға жауап беруші жастардың көбісі: «үлкен», «орасан зор», «өте маңызды» - деген жауап беріпті.

Қалған сұраққа жауап адамның өз ойымен бөлісуге арнайы жасадым. Сондағы кей жауаптармен бөлісе кетейін. Төртінші сұраққа (Неліктен ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановты алғашқы қазақ ғалымы деп санайды?) мынадай жауаптар кездеседі: «Мәдениет пен экономика саласында артта қалуына қатты қынжыла да қинала ой жіберіп, халық бұқарасын сол азаптан арылту жолында талмастан үлкен жұмыс жүргізді. Сол себептен ғалымды алғашқы қазақ ғалымы деп санайды», «Себебі Шоқан Уәлихановқа дейін ешбір ғалым зерттеу жұмыстарымен айналыспаған. Алғашқылардың бірі болып Шоқан Уәлиханов бастаған болатын», «Өйткені, Бұл уақытқа дейін Шоқан Уәлиханов сияқты Орта Азия, Сібір, Қытайдың кей жерлерін ешкім зерттемеген».

Соңғы бесінші сұраққа (Шоқан Уәлихановтың еңбектері қазіргі кезде жаңа Қазақстанды дамытуда және ұлттық құндылықтарды сақтауда маңыздылығы қандай?) берілген жауаптардың ішінде: «Географиялық, этнографиялық, тарихи еңбектеріндегі нақты дерек арқылы жаңа тарихымызды жазуға, ежелгі салт-дәстүрімізді сақтауға үлесі зор», «Халықтық тәрбиенің жаңа жүйесін ойластыра отырып, Шоқан ең алдымен жас өспірімдерді ғылым мен техниканың табыстарымен, дүние жүзі мәдениетінің бай қазынасымен таныстыра алатындай діннен бөлген дүниежүзілік білімдерді енгізуді жақтады. Қоғамдық құбылыстарды ол ағартушылық тұрғыдан түсіндірді», «Қазіргі таңда осы біздің ұлттық құндылығымызды

сақтап қалу өте өзекті мәселе болып саналады. Өзіміздің елімізді дамытуда осындай келесі ұрпақ үшін өз еңбектерін жазып қалдырып кеткен Шоқан Уәлиханов секілді ұлы тұлғаларды біліп жүрген, олардың деректерімен танысу, меніңше ұлттық құндылықты жоғалтпауға, керісінше одан әрі нығайтуға әкеледі» - деген жауаптар алдым. Жастардан алған жауаптарым көз қуантады.

Берілген барлық жауап Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың сіңірген еңбектерімен таныс және оның зерттеулері біздің ұлттық құндылығымыз. Сауалнамадан тек бір қорытындыға келуге болады. Ғалым Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері жастардың тарихи санасын қалыптастыруда өте өзекті және болашақ Қазақстан Республикасын дамыту жолында, ұлттық құндылығымызды сақтап қалуда орасан зор орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақтаев С. «Уәлиханов Шоқан. Шығармалары. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 2010.
2. Бейсенбайұлы Ж. оқан. Ғұмырлық деректі хикая. - Алматы : «Қазақстан», 2009.
3. Диярова К. Ш. Аққан жұлдыз. Шоқан Уәлиханов - Алматы : Издательство Золотая книга, 2015
4. Шоқан Уәлиханов. Көптомдық шығармалар жинағы. (Бірінші том) – Алматы, 2010
5. Мұқанов С. Нить Ариадны. (Чокан Валиханов). - Москва: «Искусст», 1945

БАРҚЫҰЛЫ НИЯЗ БАТЫР

Қуандық М.М

Ғылыми жекшісі: Шашенов Д.Т

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: meirbek.kuandyk05@mail.ru

Қарағанды қаласы

Батыр - әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Батыр атағы оңай жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Батырларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан.

Батыр тек ержүрек атағы ғана емес, сонымен қатар кәсіби әскерилер қатарынан шыққан тұлғалар санатын білдіреді. Демек, батыр сөзінің қазақ даласында кеңінен қолданылуы қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу тарихындағы соғыстардың зор маңызымен де байланысты. Көбінесе халық өз тәуелсіздігін қолына қару алып қорғауға, шекараны қорғауға мәжбүр болды. Қазақ жерінен шыққан бізге белгілі қайсар мінезді батырлар есімдері бар. Оған мысал Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Қарасай, Райымбек сияқты ел намысын қорғаған батырларымыз.

Осы тұлғалар қатарына кіруге сай заманыңда есімі бар қазаққа мәлім болған Орта жүзді отыз жылдан астам билеген Әбілмәмбет ханның данагөй кеңесшісі және елшісі, ер есімді батырлардың бірі - Орта жүз аталығы Барқыұлы Нияз батыр. Нияз батыр жайлы деректер аса көп те емес. Соңғы жүргізілген зерттеулер мен жазылған кітаптар арқасында оның Қазақстан тарихына жасаған еңбегі мен беделін көре аламыз. Ендігі туындайтын сұрақ Нияз деген кім?! Және ұлтымыздың тарихында алып жатқан орны қандай?!

Нияз батыр туралы әдеби-этнографиялық «Өмір» журналының 1992 жылғы тұңғыш санында Нақып Ыдыросов пен Зарлық Сұлтанұлының «Нияз батыр» деген мақаласы басылған. 1993 жылы «Халық кеңесі» газетінде жазушы Амантай Сатаевтің «Тамыздың тоғыз күні немесе Нияз батыр» деген деректі хикаясынан үзінді газеттің (6 нөмірде) басылған. Жазушы А.Сатаев «Халық кеңесі» газетінде Нияз батыр туралы хикаят жазды. А.Жұмаділдиннің Нияз батыр жөнінде жазыла бастаған повесі аяқталмай қалды. 2012 жылы